

FTAMP 03.20.00

<https://doi.org/10.26577/JH.2022.v106.i3.011>**М.С. Ноғайбаева** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: nmskaz1129@gmail.com

АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫНДАҒЫ ТАЙПА БЕКТЕРІНІҢ РӨЛІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Мақалада Алтын Орда тарихындағы ру-тайпа бектерінің қызметі, орны мен рөлі қарастырылады. XIV ғасырдың аяғы – XV ғасыр басынан жергілікті түркі және түркіленген ру-тайпа әмірлері дербестікке ұмтылып, XIV ғасырға дейінгі кезеңмен салыстырғанда мемлекеттің әкімшілік-саяси өмірінде маңызды рөл атқара бастайды. Бұл процесс XIV-XV ғасырларда күшейіп, анық байқалды. Бұл кезеңде жергілікті ру-тайпалардың басшылары болып келетін әмірлер мен бектердің билігі мен Алтын Орда халқын құраған ірі тайпалардың ықпалы өсе түседі.

Алтын Орданың гүлденуі кезеңінде бірте-бірте мемлекеттің саяси өмірінде белсенді рөл атқара бастаған жергілікті ру-тайпа көсемдерінің тарихи орны мен қызметі туралы ортағасырлық деректер мен ауыз әдебиеті деректерінде мол мәліметтер бар. Әсіресе, олар туралы тарихи ақпарат халық жадында ауызша тарих айту дәстүрінде кеңінен сақталып қалған. Мақалада зерттеу еңбектерін талдау мен жазба және ауыз әдебиеті мәліметтері негізінде Алтын Орда тарихында Тоқтамыстың ең жақын серігі, нөкері ретінде аталатын Исабек маңғыт, арғын Қарақожа, Өзбек ханның тұсында ұлық қараша би болған найман Құтлық Бұқа, минг Алатай, қыйат Исатай және т.б. ру-тайпа бектерінің қызметі мен рөлі талданған.

Алтын Орданың саяси өмірінде жергілікті ру-тайпа өкілдерінен шыққан ру-тайпа әмірлері, тайпа бектерінің ықпалы біртіндеп күшейіп, олар белгілі бір кезеңдерде саяси өмірде шешуші рөл атқара бастағанын көреміз. Сондықтан тайпа бектерінің қызметін зерттеу Алтын Орданың этникалық тарихы мен қоғамды-саяси құрылым, ішкі, сыртқы саясаты туралы бірқатар мәселелерді жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Алтын Орда, ру-тайпа, бектер, әмірлер, ұлық қараша би.

M.S. Nogaybaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: nmskaz1129@gmail.com

The role and functions of tribal beks in the history of the Golden Horde

The article discusses the functions, place and role of beks of clans and tribes in the history of the Golden Horde. From the end of the 14th – beginning of the 15th century, the emirs of local Turkic and Turkicized clans and tribes, striving for independence, began to play an important role in the administrative and political life of the state in comparison with the period before the 15th century. The strengthening of this process is clearly manifested in the XIV – early XV centuries. During this period, the power of emirs and beks, who were the heads of local clans and tribes, and the influence of large tribes that made up the population of the Golden Horde increased.

There are numerous medieval sources regarding the historical place and role of the heads of local clans and tribes, who gradually began to play an active role in political life during the heyday of the Golden Horde. Historical information about them is especially widely preserved in the folk memory in the tradition of oral history. Based on the analysis of research papers and information from written and oral literature, the article outlines the functions and role of such beks of clans and tribes in the history of the Golden Horde as Isabek-mangyt, who was the closest associate, nuker of Tokhtamysh, Argyn Karakozha, ulik karasha biy Kutlug-Buk from the Naimans, Ming Alatay, Kiyat Isatay.

In the political role of the Golden Horde, we observe a gradual increase in the influence of emirs, tribal beks, who came from representatives of local clans and tribes, the initial stage of the growth of their decisive importance in certain periods. Therefore, the study of the functions of tribal beks makes it possible to consider a number of issues of ethnic history and the socio-political system, domestic and foreign policy from new positions.

Key words: Golden Horde, tribal formations, beks, emirs, ulik karasha biys.

М.С. Ногайбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: nmskaz1129@gmail.com

Роль и функции племенных беков в истории Золотой Орды

В статье рассматриваются функции, место и роль родоплеменных беков (эмиров) в истории Золотой Орды. С конца XIV – начала XV в. эмиры местных тюркских и тюркизированных родов и племен, стремясь к самостоятельности, начинают играть важную роль в административно-политической жизни государства в сравнении с периодом до XV в. Усиление данного процесса отчетливо проявляется в XIV – начале XV в. В этот период возрастает власть родоплеменных беков, являвшихся главами местных родов и племен, и влияние крупных племен, составлявших население Золотой Орды.

Имеются многочисленные средневековые источники относительно исторического места и роли глав местных родов и племен, начинавших постепенно играть активную роль в политической жизни в период расцвета Золотой Орды. Исторические сведения о них особенно широко сохранились в народной памяти в традиции устной истории. На основе анализа исследовательских работ и сведений из письменной и устной литературы в статье рассматриваются функции и роль беков в истории Золотой Орды, таких, как ближайшие сподвижники Тохтамыш хана Исабекмангыта, аргын Каракожа, улык караша бий Узбек хана Кутлуг-Бука наймана, минг Алатая, кият Исатая и т.д.

В результате усиления влияния местных родоплеменных беков они постепенно начинают играть решающую роль в политической жизни Золотой Орды. Поэтому исследование функций и роли племенных беков дает возможность рассматривать с новых позиций ряд вопросов этнической истории и общественно-политического строя, внутренней и внешней политики Золотой Орды.

Ключевые слова: Золотая Орда, родоплеменные образования, беки, эмиры, улык караша бий.

Кіріспе

Алтын Орда тарихындағы осы күнге дейінгі зерттеушілер назарынан тыс қалып келе жатқан тақырыптардың бірі – тайпа бектерінің қызметі десек болады. Алтын Орданың гүлденуі кезеңінде бірте-бірте мемлекеттің саяси өмірінде белсенді рөл атқара бастаған жергілікті ру-тайпа көсемдерінің тарихи орны мен қызметі туралы ортағасырлық жазба деректер мен ауыз әдебиеті үлгілерінде мол мәліметтер бар. Әсіресе, олар туралы тарихи ақпарат халық жадында ауызша тарих айту дәстүрінде кеңінен сақталып қалған.

Моңғол шапқыншылығынан кейін құрылған жаңа ұлыстық жүйе бұрыннан қалыптасқан рулық-тайпалық бөліністерге қарама-қайшы келгені белгілі. Моңғолдарға бағыныштылыққа түскен ру-тайпалар өзара бөлініп-бөлініп кетті, олардың бұрынғы көші-қон аймақтары, бағыттары өзгерді, әрі олар бір-бірімен және өзара туыс өзге ру-тайпалармен байланыстарын үзіп алды. Бұрынғы ру-тайпалық жүйенің бұзылуына ендігі жердегі билеуші тайпа мен оларға бағынышты тайпалардың арасында қалыптасқан жаңа қарым-қатынастардың формасы мен мазмұны ерекше әсер етті. Бағыныштылыққа түскен ру-тайпалар жаңа

әскери әкімшілік бөлініске сәйкес түмендер, мыңдықтар, жүздіктер шығара алатын әкімшілік аймақтарға бөлінді. Бұл реформа дәстүрлі ру-тайпалық құрылымды күйрете отырып, жаңа бөліністің негізін де қалап берді. Дегенмен біз қарастырып отырған кезеңде орын алған мұндай өзгерістер этникалық процестердің жаңа кезеңі ретінде ерекшеленуіне әкеліп соқты.

Моңғол шапқыншылығынан кейін әртүрлі әмірлерге бөлініп берілген ру-тайпалар бөлшектеніп, әртүрлі обалардың (обал – белгілі бір ру-тайпа шоғырланған аймақ) құрамына кірді. Деректерде кейде сол обаларға ру-тайпаның аты аталса, кейде аталмайды. Обаларға ру-тайпа атының аталу себебі – ол тайпаның дәл осы кездегі қоғамдық өмірдегі бет-беделіне байланысты болған. Жалпы Алтын Орда мемлекетіндегі обаларды құраған ру-тайпа атаулары деректерде XIV ғасырдың аяғы – XV ғасыр басынан бастап қана біртіндеп нақты айтыла бастайды. Мұның себебі алғашқы кезеңдегі моңғолдық билік пен олар құрған мемлекеттердің қуатына байланысты болды. Алайда уақыт өте келе жергілікті ру-тайпалар мен салт-дәстүрлер қайтадан бел алып, моңғолдық факторды жұта бастайды. Осындай жағдайда жергілікті түркі және түркіленген ру-тайпа әмірлері дербестікке ұмтылып, XIV ғасырға дейінгі

кезеңмен салыстырғанда мемлекеттің әкімшілік-саяси өмірінде маңызды рөл атқара бастайды. Бұл процесс XIV-XV ғасырларда күшейіп, анық байқалды. Бұл кезеңде жергілікті ру-тайпалардың басшылары болып келетін әмірлер билігі мен ықпалының күшейе түсуінен көрінді. Міне, осы тұста Алтын Орда халқын құраған ірі тайпалардың ықпалы өсе түседі. Сондықтан тайпа бектерінің қызметін зерттеу Алтын Орда тарихының бірқатар мәселелерін жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Мақалада Алтын Орда тарихындағы ру-тайпа бектерінің қызметін, рөлін анықтау мен кешенді түрде көрсету үшін *проблемалық-тақырыптық және салыстырмалы-тарихи және т.б. әдістер* қолданылады.

Проблемалы-тематикалық тәсілдің көмегімен зерттеу жұмысының негізгі мәселелері, атап айтқанда жазба және ауызша дерек мәліметтері бойынша есімдері белгілі ру-тайпа бектерінің шығу тегі, қызметтік жолы, тарихи маңызы анықталады. *Салыстырмалы-тарихи әдісті пайдалана отырып*, мақаланың тұжырымдарын негіздеуге мүмкіндік берген деректер тобының кешені анықталып, жазба деректер мен дәстүрлі ауызша тарих материалдары салыстырмалы түрде талданды.

Ұсынылып отырған мақалада В.П. Юдин ұсынған тұжырым бойынша «далалық ауызша тарих айту» дәстүрінің негізгі деректері болып табылатын шежіре, батырлық жырлар мен аңыздардың мәліметтеріне назар аударылды. Әсіресе, «Едіге батыр» жыры (Едіге, 1966) мен Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының қазақ шежірелерінің нұсқалары (Көпейұлы, 1993) жазба дерек мәліметтерін нақтылау мен жаңша тұжырым жасауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ортағасырлық авторлардың бірі Қадырғали Жалайыр еңбегі (Жылнамалар жинағы, 1997) мен Өтеміс қажының «Шыңғыс наме» еңбегіндегі мәліметтерді В.П. Юдиннің 1992 жылғы аудармасы (Юдин, 1992) негізінде пайдаландық. Сонымен қатар, мақаланың деректік негізін ортағасырлық басқа да авторлардың жазба деректері мен орыс жылнамаларындағы кейбір мәліметтер құрады.

Алтын Орда мемлекетінің ру-тайпалық құрамы, соның ішінде олардың аталған мемлекеттің әлеуметтік-саяси құрылымындағы орны туралы мәселелер зерттеушілер назарынан тыс қалып келе жатқан проблема-

лар қатарына жатады. Кейбір зерттеушілер кейінгі ортағасырлар кезеңіне жататын жазба деректердің мәліметтеріне сүйене отырып, Алтын Орда мемлекетінің негізгі халқын құраған ру-тайпалардың тізімдерін ғана береді. Ал, олардың тарихи тағдыры, сол мемлекеттегі нақты оқиғаларға қатыстылығы, этникалық процестегі алатын орны көбінесе назардан тыс қалған. Мәселенің зерттелуінде В.П. Юдин «XIV ғасырдағы қазақ даласындағы биліктің тайпа билеріне және Тоқа-Темір ұрпақтарының белгісіз әулетіне көшуі» атты мақаласын ерекше атап өтуге болады (Утемис Хаджи, 1992). Дегенмен, бұған дейінгі Алтын Орда кезеңіндегі тайпа бектерінің рөлі туралы зерттеулердің көпшілігі Едіге мен Мамай тәрізді ірі тұлғалардың тарихын зерттеуге бағытталғаны белгілі. Соңғы жылдары аталған тақырып бойынша жаңа ізденістер жариялана бастады (Сабитов, 2019). Дегенмен қазіргі таңда деректерге жаңа көзқараспен қайта қарау және ауыз әдебиеті деректерін пайдалану арқылы бұл мәселені жаңа тұрғыдан қарастыру мүмкіндігі бар.

Нәтижелер мен талдаулар

Алтын Ордада Тоқтамыстың билікке келген тұсындағы оқиғаларды баяндайтын деректерде бұл мемлекеттің ру-тайпалық құрамы жөнінде біршама мәліметтер сақталған. Мәселен, Тоқтамыс пен Әмір Темір арасындағы шайқастарды баяндайтын авторлар Тоқтамыс әскерін басқарған әмірлер мен нояндардың есімдерін, олардың кейбіреулерінің шыққан тайпасын да нақты атайды. Деректерде Жошы ұлысының осы кезеңдегі әмірлері мен нояндары ретінде: «Әли Сүлеймен Суфи Қоңырат, Наурыз Қоңырат, Ақтау, Урусчук Қият, Исабек, Хасанбек Сарай, Көке-Бұғы, Жағлы би Бахрин, Қоңыр би есімдері аталады. Бұдан әрі қарай талдасақ, Тоқтамыс пен Әмір Темір арасындағы екінші шайқас кезіндегі Тоқтамыс әскерінің қатарында Ақтау, Дауіт софы, Удурку, сондай-ақ жоғарыда аталған Исабек пен Жақсықожа, кезінде Орыс ханнан Тоқтамыс жағына өткен Қазан бахадүр мен Ұрық-Темір есімдері белгілі (Тизенгаузен, 1941: 118-121, 131-132, 146-148). Аталған әмірлердің ішіндегі Әли бек Қоңырат пен Ақбұға Бахрин Тоқтамыстың бас әмірлері ретінде аталады (Тизенгаузен, 1941: 151 б.). Келесі авторлардың бірі Өтеміс-қажының хабарлауынша Ұрық-Темір Шырын тайпасынан болса керек (Утемис Хаджи, 1992: 151). Осы дерек бойынша Йезди Тоқтамыс әскерін басқарған

әмірлердің бірі ретінде атаған Жақсықожа Ұрық-Темірдің ұлы (Утемис Хаджи, 1992: 116). Ал, Исабек маңғыт тайпасынан (Тизенгаузен, 1941: 148) болса, Тоқтамыстың ең жақын серігі, нөкері ретінде аталатын Қарақожа (Тизенгаузен, 1941: 189) Арғындардың биі болғанын көреміз (Қазақ ру-тайпаларының тарихы, 2007: 281-283).

Орта жүз Арғын шежіресін баяндаушылардың көпшілігі Орта жүзді құраған Жанарыстан алты қожаны таратып, оның бірі Қарақожадан Арғын мен Тарақтыны, Арғыннан атақты Қотан ақынды, одан бүкіл Бес Мейрам, Жеті Момын Арғын ұрпақтарын тарататыны белгілі. Осы арада далалық ауызша тарих айту дәстүрінде Арғынның түп атасы деп көрсетілетін Арғын Қарақожа нақты тарихи тұлға екені белгілі. Тіпті бертін замандардың өзінде Қарақожа есімі Орта жүз Арғындарының арасында қасиетті баба есімі ретінде ұзақ уақыт бойы сақталып, қастерленіп келген (Аристов, 1897: 90). Арғын Қарақожа батыр туралы жазба деректер және ауыз әдебиеті үлгілеріндегі мәліметтерге қарағанда ол Алтын Орда ханы Тоқтамыс пен Едіге тұсында өмір сүрген тарихи тұлға екеніне көз жеткіземіз.

«Едіге» жырының Ш. Уәлиханов және Қ. Сәтбаев жариялаған нұсқасында Арғыннан шыққан Қарақожа батыр Тоқтамыс ханның батырларының бірі ретінде аталады (Едіге, 1996: 362-363). Арғын Қарақожа батыр есімі жырда өзіне қастық ойлағанын білгеннен соң Едігенің Тоқтамыс ханнан қашып құтылуынан кейін, хан өзіне жақын «тоғыз ерін алып келіп, есігінің алдына қойып, бір-бірлеп шақырып сұраған» кезінде айтылады. Хан Қарақожаға былай дейді:

Көшкенде көшін айлаған,
Жанына өткір семсер байлаған,
Жау қарасын көргенде
Жауар күндей торланған,
Кетер құстай сайланған,
Алладан тілек тілеп зарланған,
Арғындардың басы едің,
Қарақожа батырым,
Сен бір кіріп толғашы (Едіге, 1996: 57).

Ал, Мәшһүр Жүсіптің шежіресінде Орта жүздің түп атасы Жанарыстан туған алты ұлдың бірі Қарақожадан Арғын тарайды [Көпейұлы, 1993: 13-14]. Қадырғали Жалайыридің «Жылнамалар жинағында»: «Бұл Тоқтамыс хан Еділ өзенінде болған, Тойхожа ұланның ұлы еді. Оның хикаялары әрқашан мәлім, әрі белгілі. Құтлықия ұлы Едіге Күшік оның шорасы еді. Бір уақытта, онан көңілі қалып, Едіге Күшікке қаһар қылып өлтірмекші болды. Онан азат болып,

бірнеше жыл өткен соң Темір бектің әскерін бастап келіп, Тоқтамыс ханды қашырды. Темір бектің сұстынан Тоқтамыс хан солтүстікке қарай қашты. Аш-жалаңаш жүрді. Соңынан қарауыл салды. Етим (Ятым) баһадурды, онан соң Тубал Баһадурды салды, онан соң Арғын Қарақожаны салды. Өзгелері бірнеше нөкерлерімен (демалуға) жатты. Едіге Күшік ұлы Нұраддин қосымша әскер ертіп, қарауылды ғапыл қалдырып, әуелі Етим Баһадурды өлтірді, онан бәрін ғапыл қалдырып өлтірді, хан нөкерлері ғапыл еді, оларды да опат қылды. Барлық жан-жануар өліп, өзінің иесіне оралады» (Жалайыр, 1997: 14-115), – деген мәліметтер келтірілген. Осы мәліметке қарағанда Арғыннан шыққан Қарақожа батыр Едігенің ұлы Нұр ад-диннің қолынан қаза тапқаны көрініп тұр. Ш. Уәлиханов қазақтар арғындардың түп атасы деп санайтын Қарақожа батырдың кезінде Тоқтамыс ханның атынан Әмір Темірге барған елшісі болғанын, қазір бұлардың жерленген жерлері Есіл өзенінің оң жағалауында жатқанын хабарлайды (Валиханов, 1985: 298).

Деректердегі мәліметтерді талдауымыздың нәтижесі бойынша Тоқтамыс ханға бағынышты тайпалар тізімі: Қоңырат, Бахрин (Барын), Маңғыт, Қытай, Сарай, Шырын, Арғын болып шығады. Дегенмен бұл әлі толық тізім емес. Себебі, әлі тайпалық тегі анықталмаған бірнеше әмірлер қалды емес пе? Деректерге қайта жүгінсек, 1395 жылғы Тоқтамыс әскерінің құрамы туралы мәлімет беретін «Түрік шежіресі» атты еңбекте Жошы ұлысының оң қанатына жататын Қоңырат пен Барын тайпасынан басқа, Найман, Жалайыр, Үйсін тайпаларын атайды (Тизенгаузен, 1941: 207-208).

«Түрік шежіресі» осы кезеңдегі шайқасты сипаттай келе, Тоқтамыс хан Бахриндер ұлысының басшысы болған Яғлы бай баһадүр Бахринге ертеңгі ұрыста сол қанат әскері құрамында шайқасуға бұйырғанын хабарлайды. Сонымен ертеңгі шайқасқа, Яғлыбай (Жақсыбай) баһадүр өзінің елімен (иль – өз тайпасымен) сол қанат әскері құрамында шайқасады. Дерек авторы осы кезеңнен бастап Бахриндер ұлысы өзбек сұлтандарының құрылтайында сол қанаттан орын алды дей келе, бұрын Бахриндер өздерінің туыстары – қоңыраттар, наймандар, жалайырлар, үйсіндер сияқты оң қанаттан орын алғанын атап өтеді (Тизенгаузен, 1941:108).

Ал, келесі бір ортағасырлық автор Өтеміс қажы Алтын Орда мемлекетіндегі «дүрбелең кезең» кезінде Өзбек ханның әйелі Тайдулла бегімнің шақыруымен Сайын ханның (Алтын

Орданын) тағын иеленген Хызыр ханның Найман тайпасынан шыққан бегі Құтлық Бұқаның есімін атайды (Утемис хаджи, 1992: 112). Дерек авторларының хабарлауынша Құтлық Бұқа Найман Хызыр ханға шашын қара түске бояп, оған тұрмысқа шыққысы келген Тайдулла бегімге үйленбеу туралы кеңес берген (Утемис Хаджи, 1992: 112). Осы деректе аталатын Құтлық Бұқа әмір есімі Алтын Орда тарихына қатысты деректер де жиі кездеседі. Г.А. Федоров-Давыдов осы деректерге сүйене отырып, 1347 жылғы Жәнібек ханның атынан венециялықтармен келіссөздерге қатысқан әмірлер ретінде Мағлу-бей, Яғалтай, Ядхозин, Құтлық Бұқа есімдерін атаса, 1358 жылғы Бердібек ханның венециялықтармен келіссөздеріне қатысқан жоғарыда аттары аталған үш әмір: Мағлу-бей, Құтлық Бұқа, Яғалтайдан басқа және үш әмірдің есімін атайды (Федоров-Давыдов, 1973: 146). Ортағасырлық араб тарихшысы әл-Мухиббидің еңбегінде Құтлық Бұқа Инақ деп аталып, оның қалыптасқан дәстүр бойынша Өзбек хан жеріндегі төрт әмірдің бірі болғандығы айтылады. Автор Құтлық Бұқа Инақ «Жәнібек ханның наместнигі (орынбасары)» деп нақтылай түседі (Тизенгаузен, 1884 а: 348). Осы мәліметтерді талдай келе, эль-Мухибба 1351 жылдары инақ деп атаған Құтлық Бұқа жоғарыда венециялықтармен келіссөздерге қатысқан Құтлық Бұқа әмір екеуі бір тұлға деген ой түйеміз. XIV ғасырға жататын Венециядан табылған Алтын Орда мемлекетінің құжаттарына деректанулық зерттеу жүргізген орыс ғалымдары Құтлық Бұқа 1351-1357 жылдары Жәнібек ханның Ұлық қараша бегі (Улуг Карачи бек) болғандығы туралы тұжырымға келген (Григорьев, 2002: 113). Одан әрі зерттеушілер Құтлық Бұқа аз ғана уақыт аралығында (1358 жылдың қыркүйегінен – 1359 жыл) Қырым түменінің билеушісі қызметін атқарды, – дейді (Григорьев, 2002: 109). Бұдан әрі зерттеуші көптеген деректерде, тіпті 1337 жылы Өзбек ханның үлкен (аға) бектерінің бірі ретінде аталатын, 1345 жылы Кафа қаласын қоршаған Алтын Орда әскерінің басшысы болған, бұдан кейін Жәнібек пен Бердібек хандардың ұлықбегі болған Моғұл Бұқаны (Моғал-бей) (Тизенгаузен, 1884: 269 (Ескертуді қараңыз)) Құтлық Бұқаның ағасы ретінде атайды (Григорьев, 2002: 208). Деректерге сүйенсек Моғұл Бұқа 1360 жылы Хызыр ханның қолынан қаза тапқан (Полное собрание русских летописей, 1965: 79).

Ал, зерттеушілер М. Исхаков пен И.Л. Измайлов «Ескендір анонимі» бойынша Өзбек ұлысында Мүрид хан тұсында (1362 жылдың күзі

– 1363 жылдың басы) бас әмір болған Ильясты Моғұл Бұқаның ұлы деген мәліметі 1365-1366 жылдардағы оқиғаларды баяндайтын жоғарыда көрсетілген орыс деректеріндегі Ильясты Құтлық Бұқаның ұлы деп атайтын мәліметтерімен салыстыра келе, Ильяс Құтлық Бұқаның ұлы деп тұжырым жасайды. Ал, деректердегі мұндай шатасулар оның әкесі Құтлық Бұқа мен Моғұл Бұқаның өте жақын туыс екендігін көрсете түседі деп ой түйген (Исхаков, Измайлов, 2007: 152). Бұл пікірді өз кезегімізде біз де қолдай отырып, түркі халықтарында қалыптасқан дәстүр бойынша ағайынды адамдардың балалары әкесінің бауырларын «әке» деп санайтындығы араб, орыс деректеріндегі шатасулардың себебі болуы керек деп ойлаймыз.

Енді, бұл әмірлердің лауазымына тоқтала кетсек. Жалпы, Алтын Орда мемлекетінің әкімшілік жүйесі толық зерттелмеген мәселелер қатарына жатады. Дегенмен қолда бар мәліметтерге сүйенсек, Алтын Орда ең жоғарғы билік ханға, ханнан кейін беклербек немесе ұлық Қараша бек пен везирге (уәзірге) тиесілі болған. Ұлық қараша бек жоғарғы сот, шет елдік істер, армия, 4 қараша бектен тұратын мемлекеттік кеңес диванды басқарған. Мемлекеттік кеңеске түмендердің басшылары, оларға өз кезегінде аймақтар мен қала басшылары бағынышты болған. Ортағасырлық авторлар әл-Кашканди мен әл-Мухиббидің мәліметтеріне қарағанда Жошы Ұлысында ең жоғарғы мемлекеттік басқару аппаратының бастысы «төрт бас әмірлердің кеңесі» болған. Олардың ішіндегі ең үлкені беклярбек немесе бектердің бегі бүкіл мемлекет әскерін басқарған. Ол бүкіл әскер істерін бақылаған, оған әмірлер, мыңбасылары, түменбасылары бағынған (Тизенгаузен, 1884: 347-348).

Египет сұлтаны Жәнібек ханның беклер бегі Құтлықбұқаны өз хаттарында «Өзбектің жеріндегі билеуші, жоғарғы дәрежелі әмір, ұлы, ғалым, әділ, нығайтушы, дәнекерші, жөнге келтіруші... ислам мен мұсылмандардың ұлылығы, екі әлем әмірлерінің басшысы, дін үшін күресушілер мен жауынгерлердің жақтаушысы, әскерлердің басшысы, патшалар мен сұлтандардың дәнекершісі, мұсылмандар әміршісінің қылышы» (Тизенгаузен, 1884: 230), – деген титулдармен көтермелеп атайды. Мұның өзі бізге Алтын Орда мемлекетінде ханнан кейінгі екінші адам болып саналатын беклербектің беделі мен орнының қаншалықты дәрежеде болғандығын көрсетеді. Сондықтан Жәнібек ханның ұлық қараша бегі болған Құтлық Бұқа Найман Ал-

тын Орда мемлекетінде ханнан кейінгі екінші тұлға ретінде барлық маңызды мәселелерді шешуден тыс қалмаған. Тіпті, хан шешімдері көбінесе ұлық қараша бектің ұстанған саясаты мен бағытына да байланысты болса керек десек, қателесе қоймаспыз. Себебі зерттеуші М.Г. Сафарғалиев та отағасырлық араб тарихшысы әл-Омаридің Өзбек хан туралы: «өз мемлекетіне қатысты істерде ол (яғни, Өзбек хан) тек істің жалпы сипатына ғана назар аударып, оның мән-жайына тереңдеп бармай, ол туралы өзіне берілген есептермен ғана шектеледі...» деп жазған мәліметтерін негізге ала отырып, осы тұста мемлекеттің биліктің бүкіл маңызды тетіктерін қолдарына ұстап тұрған әмірлер билігінің күшейе түскендігін атап өткен болатын (Сафарғалиев, 1996: 367-368).

XIV ғасырдың алғашқы он жылдығының басында билікке келген Өзбек хан және оның ұлы Жәнібек хандардың билігі тұсында Алтын Орда мемлекеті барынша күшейді. Өзбек ханның билікке келуінің өзі осы кезеңде бел ала бастаған ру-тайпа әмірлерінің саяси өмірдегі ықпалына байланысты болды. Мәселен, «Шыңғыс наме» авторы Өтеміс қажы осы оқиғаға байланысты мынадай бір қызықты оқиғаны баяндайды. Тоқта хан (1290-1312) билікті сүйікті ұлы Елбасарға қалдыру үшін басқа ұлдары мен Бату ханнан тараған өзге ханзадаларды қырып салады. Бірақ тағдыр ісімен Елбасар әкесінен бұрын ерте өмірден озады. Ендігі тұста Тоқта ханнан кейін Алтын Орда тағы Жошының өзге ұрпақтарына өтетіні белгілі болады. Мұны сезген хан өзегі өртеніп, қайғыға батады. Осы кезде Византия ханшайымы, кезінде Тоқта ханның өз қолынан қаза тапқан Тоғрылдың жесірі, әмеңгерлік жолмен Тоқтаға әйел болған Келин-Байалин бір құпия сырды ашады. Оның Тоғрылдан туылған, Тоқта ханның қаһарынан қорыққаннан Шеркес тауына тығып қойған ұлы Өзбек тірі екен. Хан бұл хабарды естіп, қуанғаннан Келин-Байалинге 2 түмен әскер сыйлап, баланы алдыру үшін қыйат Исатай мен анджут Алатай басқарған 4000 адамды аттандырады. Бірақ, аталған әскер Өзбекті алып келгенге дейін Тоқта хан қайтыс болады. Осы сәтті пайдаланған аталық Тоқты Баджир Тоқбұға ұйғыр Сарайдағы билікті басып алады. Бұл туралы естіген Өзбек және оның серіктері Сарайға адам жіберіп, өздерінің оның билігін мойындайтындықтарын білдіреді. Ал, өз кезегінде Баджир Тоқбұға ұйғыр да «мен Өзбек келгенге дейін басқа біреу тақты иеленіп кетпесін деп осылай істеуге мәжбүр болдым. Менің әміршімнің ұлы тірі тұрғанда,

менің билікті иеленуімен жол бар ма? Билеушім келсін. Халық та, хандық та оған тиесілі» деген жауап қайтарады. Ал, шын мәнінде өзі Өзбектің көзін қалай жоюды ойластырады. Сангусун атты бір әмір қыйат Исатайға бұл ұйғырдың шын ниетінің сырын ашып қояды. Сондықтан Өзбек хан және оның серіктері ордаға басып кіріп, сатқынның басын алады.

Өзінің билікке келуіне ықпал еткен әмірлерге ризашылығын білдіру үшін Өзбек хан Алатайға минг тайпасынан тұратын елді берсе, қыйат Исатайға басқа Жошы ұрпақтарын нөкерлерімен, басқа адамдарымен қосып береді. Бұл «қарасүйек» ұйғырдың билігін мойындаған Жошы ұрпақтарын жазалаудың да түрі еді. Өтеміс қажы бұдан әрі қыйат Исатай өзіне берілген Жошы ұрпақтарының арасынан Шайбани ұрпақтарын ғана босатып, оларға тіпті қарлық, бұйрық елдерін бергенін жазады (Юдин, 1992: 102-105). Әрине, бұл деректе сонау алыста қалған оқиғаларды ауыздан-ауызға жеткен әңгіме ретінде баяндау басым. Дегенмен осы баяндалған әңгімеден-ақ Алтын Орда тағына «құқығы» жоқ ханзадалар ұрпағынан бола тұра, Сайын хан (Бату) тағын иеленуге қол жеткізген Өзбек ханның билікке келуінің негізгі себебі ру-тайпа әмірлерінің шешімімен және олардың нақты іс-әрекеттерінің нәтижесінде жүзеге асқанын көреміз. Сондықтан оны қолдағаны үшін артықшылықтарға ие болған ру-тайпа өкілдері мен олардың руластарының саяси өмірдегі рөлі күшейе бастайды.

Қорытынды

Жалпы, біз қарастырып отырған тұста, яғни Алтын Орда мемлекетінің ең күшейіп, гүлденген тұсы Өзбек хан билігі кезінде-ақ мемлекеттің болашақ дағдарысының шарттары пісіп-жетіле бастаған болатын. Соның бір көрінісі жергілікті ру-тайпалардың басшылары болып келетін әмірлер билігі мен ықпалының күшейе түсуінен көрінеді. Міне, осы тұста Алтын Орда халқын құраған ірі тайпалардың ықпалы өсе түседі. Сондықтан жергілікті ру-тайпа өкілдерінен шыққан тарихи тұлғалар басқа да тайпа көсемдерінің қолдауына сүйеніп, жоғарғы билікке ұмтыла бастайды. Бұл процесс, әсіресе, Алтын Орда тарихындағы «дүрбелең кезең» деген атпен белгілі 1360-1380 жылдар аралығында айқын көрініс берді. Алтын Орданың оң қанатындағы қыйат Мамай, қожа Шеркеш және т.б. әмірлер сарайдағы билікке ұмтылса, сол қанаттан Қызыр, Орда-Мелик-

шейх, Темір-қожа, Мүрид, Ерзеннің ұлы Қасым хан, Шымтайдың ұлы Орыс хан сияқты Жошы ұрпақтары Ақ Орда мен Алтын Орданы біріктіруге, өз биліктерін орнатуға ұмтылады. Ал 1370-шы жылдардың аяғында сарай тағы үшін күрес Орыс хан мен Мамай арасында өріс алады. Осы тұста Орыс ханның бас әмірі болған Балтықшаның баласы әмір Едігенің де саяси карьерасы басталады.

Жоғарыда Дешті Қыпшақтағы этникалық процестерге саяси оқиғалардың тікелей әсер еткенін айтып өткенбіз. Ортағасырлық деректерде Алтын Орда мемлекетінің XIV ғасырдың екінші жартысының алғашқы он жылдықтарына байланысты «нар мойыны Бердібекте кесілді» деген бейнелі сөз қалған. Себебі Жәнібек хан билік құрған уақытында Алтын Орданың бұдан кейінгі құлдырау кезеңінің бастамасы басталды. Сарай төңкерісінің нәтижесінде өз ұлы Бердібектің қолынан қаза тапқан Жәнібек ханның билігінен кейін Алтын Орданың құлдырау кезеңі басталды. Өтеміс қажының хабарлауынша Бердібек хан өз туыстарын жаппай қыруын өзінің аталығы қаңлы Төлебайдың ақыл-кеңесімен жүзеге асырған. Себебі, автордың түсіндіруінше, кезінде Жәнібек хан оның ұлын өлім жазасына бұйырған екен. Сондықтан қаңлы

Төлебай кек алу үшін осындай әрекетке барған. Нәтижесінде ел іші бүліншілікке ұшырап, қыйат Мамай өзбектердің оң қанатын Қырымға, қыйат Теңіз бұға (қыйат Исатайдың немересі) сол қанатты Жошы ұрпақтарының қысымымен Сырдарияға алып кеткен (Юдин, 1992: 108). Осындай жағдайда Бердібек ханның төңірегінде оның билікке келуіне тікелей қатысы бар, Жәнібек ханды өлтірген сарай төңкерісін ұйымдастырушы әмірлердің ықпалы күшейеді.

Алтын Орда тарихындағы «Дүрбелен» жылдардың аяғына таман саяси күрес негізінен екі топ арасында өтеді. Бірінші топты бүкіл Жошы ұлысын біріктіру мақсатын көздеген Орыс хан басқарса, екінші топ – Алтын Орда тарихында белгілі тұлға Мамай төңірегіне топтасты. Орыс ханның да төңірегіне жергілікті ру-тайпа әмірлері жиналды.

Қорыта келе, Алтын Орданың саяси өмірінде жергілікті ру-тайпа өкілдерінен шыққан ру-тайпа әмірлері, тайпа бектерінің ықпалы біртіндеп күшейіп, олар белгілі бір кезеңдерде саяси өмірде шешуші рөл атқара бастағанын көреміз.

Мақала №BR10965240 ғылыми-зерттеу жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер

- Федоров-Давыдов Г.А. (1973). Общественный строй Золотой Орды. Москва: МГУ. 180 с.
- Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) (1969). Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, В.П. Юдин. Алма-Ата: Наука. 651с.
- Тизенгаузен, В. (1941). Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений. Т.2. Москва-Ленинград. 605 с.
- Утемиш-хаджи. Чингиз-наме (1992). Факс., пер., транск., текст. прим., исслед. В.П. Юдина. Алматы: Ғылым. 296 с.
- Қазақ ру-тайпаларының тарихы (2007). Арғын. Т.ІХ. 1 кітап. Алматы: Алаш тарихи зерттеу орталығы. 443 б.
- Аристов Н.А. (1897). Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. Год шестой. вып. III-IV. С. 277-456.
- Едіге батыр. (1996) Алматы: Ғылым, 352 б.
- Көпейұлы, Мәшһүр-Жүсіп (1993). *Қазақ шежіресі*. Алматы: Жалын. 76 б.
- Қадырғали Жалайыр (1997). Шежірелер жинағы / Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. Алматы. 128 б.
- Валиханов Ч.Ч. (1985). Собрание сочинений в пяти томах. Т. 5. – Алма-Ата: **Главная редакция Казахской советской энциклопедии. 528 с.**
- Тизенгаузен, В. (1884) Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, извлечения из арабских источников. Т.1. СПб., 564 с.
- Григорьев А.П., Григорьев В.П. (2002). Коллекция золотоордынских документов XIV века из Венеции. Источниковедческое исследование. СПб.: Изд-во С.-Петербургского университета. 276 с.
- Полное собрание русских летописей (1965). Т.15. Издание 3-е. Рогожский летописец. Тверской сборник. Москва. 504 с.
- Исхаков Д.М., Измайлов И.Л. (2007). Этнополитическая история татар в V – первой четверти XV в. Казань: Школа, 356 с.
- Сабитов, Ж.М. (2019) Второстепенные персонажи эпоса Едіге //Золотая Орда: история, государственность, культурное наследие. Нур-Султан, С.97-112
- Сафаргалиев М.Г. (1996). Распад Золотой Орды // В кн.: На стыке континентов и цивилизации... (из опыта образования и распада империй X-XVI вв.) Москва: ИИНСАН. С. 277-526.

References

- Fedorov-Davydov G.A. (1973). *Obshestvenniy stroy Zolotoy Ordy*. [The social structure of the Golden Horde]. Moskva. MGU. 180 p.
- Materialy po istorii Kazakskikh hanstv XV-XVIII vekov (Iz vlechenia iz persidskikh i tyurkskikh sochineniy). (1969). [Materials on the history of the Kazakh khanates of the XV-XVIII centuries (Extracts from Persian and Turkic writings)]. S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov, V.P. Yudin. Almaty. Nauka. 651 p.
- Tizengauzen V. (1941). *Sbornik materialov, otnosyashihsya k istorii Zolotoy Ordy. Iz vlecheniya iz persidskikh sochineniy*. [Collection of materials relating to the history of the Golden Horde. Extracts from Persian writings]. Moskva-Leningrad. 605 p.
- Utemish-hadji. Chingiz-name. (1992). [Utemish-haji. Genghis name]. Almaty: Gylym. 296 p.
- Qazaq ru-taypalarynyn tarihy (2007). [History of Kazakh tribes]. Argyn. T.IX. 1 kitap. Almaty: Alash tarihi zertteu ortalygy. 443 p.
- Aristov N.A. (1897). *Zametki ob etnicheskom sostave tyurkskikh plemen i narodnostey i svedeniya ob ih chislennosti*. [Notes on the ethnic composition of the Turkic tribes and nationalities and information about their numbers]. // *Zhivaya starina. God shestoy. III-IV*. 277-45 p.
- Edige batyr. (1996). [Edige batyr]. Almaty: Gylym, 352 p.
- Kopeyuly, Mashhur-Jusip (1993). *Kazak shejiresi*. [Kazakh genealogy]. Almaty: Zhaly. 76 p.
- Kadyrgali Jalairi (1997). *Shejireler jinagy*. [Collection of genealogies]. Shagatay-kazak tilinen audaryp, algy sozin jazgandar N. Mingulov, B. Komekov, S. Oteniyazov. Almaty. 128 p.
- Valihanov C.C. (1985). *Sobrabiye sochineniy v pyati tomah*. [Collected works in five volumes]. T. 5. Almaty: Glavnaya redaktsiya Kazahskoy sovetskoy entsiklopedii. 528 p.
- Tizengauzen V. (1884). *Sbornik materialov, otnosyashihsya k istorii Zolotoy Ordy. Iz vlecheniya iz arabskikh istochnikov*. [Collection of materials relating to the history of the Golden Horde extract from Arabic sources]. SPb. 564 p.
- Grigoryev A.P., Grigoryev V.P. (2002). *Kollektsiya zolotoordynskikh dokumentov XIV veka iz Venetsiy. Istochnikovedcheskoe issledovaniye*. [Collection of Golden Horde documents of the 14th century from Venice. Source research]. SPb. 276 p.
- Polnoe sobranie russkikh letopisey (1965). [Complete collection of Russian chronicles]. T.15. Izdanie 3-e. Rogozhski letopisets. Tverskoy sbornik. Moskva. 504 p.
- Ishakov D.M., Izmailov I.L. (2007). *Etnopoliticheskaya istoria tatar v V – pervoy chetverti XV v.* [Ethnopolitical history of the Tatars in the 5th – first quarter of the 15th century]. Kazan: Shkola. 356 p.
- Sabitov ZH.M. (2019). *Vtorostepennye personaji eposa Edige*. [Secondary characters of the epic Edige]. // *Zolotaya Orda: istoria, gosufarstvinnost, kulturnoe nasledie*. Nur-Sultan, 97-112 p.
- Safargaliyev M.G. (1996). *Raspad Zolotoy Ordy*. [The collapse of the Golden Horde]. Moskva. 277-526 p.